

ӘОЖ 355.68

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФУНКЦИЯСЫ

Махан Миражан Бақытжанқызы

mirazhan99@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану
факультетінің 4 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор М.Б.Шиндалиева

Телевидение бұқаралық ақпарат құралдарының бірі ретінде ең көп тарайтын, сонымен бірге бұқараның көпшілігі көретін сала. Телевидениенің ақпаратты тарату, беру, бұқараның қабылдау құралы ретіндегі ерекшелігі де осында. Соңғы кезде спутниктік теледидардың пайда болуымен соңғы шектеу жойылып, теледидардың жағдайын одан әрі нығайды.

Теледидарға әлеуметтік функцияны орындау белгілі бір өмір салтын саяси, адамгершілік және рухани құндылықтар жиынтығымен ілгерілетуге халыққа әсер етудің сол немесе басқа жүйесіне тікелей қатысуды болжайды. Бұл қатысу дәрежесі және теледидардың аудиторияға әсер ету өлшемі осы функцияны орындау тұрғысынан берілген теледидар жұмыс істейтін жүйеге байланысты. Телевидениенің (немесе жеке журналистің) мемлекетпен ынтымақтастығында орынсыз ештеңе жоқ. «Теледидардың басқару функциясы ақпараттық және басқа да қоғамдық-саяси бағдарламаларда жүзеге асырылуы мүмкін. Олар теледидар туралы биліктің іс-әрекетін халықтық бақылау құралы ретінде айтады (телевизиялық терминология тілінде - жүйенің артындағы аудитория). Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарына, әсіресе теледидарға деген көзқарас посткеңестік мемлекеттер тұрғындары арасында ықпалды»[1,28-б]. Төменді біз енді қазақстандық телеарналарда көрсетілген әлеуметтік тақырыпта шыққан бағдарламаларды шама-шарқымызша талдаймыз.

«Әйел бақыты» ток-шоуы – «Қазақстан» ұлттық арнасынан 2013 жылы 9 қыркүйектен бастап көрермен назарына ұсынылды. Бағдарлама аптасына бес рет тікелей эфирде өтеді. Ток-шоу жүргізушілері Ләйлә Сұлтанқызы, Қарагөз Сүлейменова және Әйгерім Есенәлі. Бірақ, 2014 жылдан бастап бағдарламаны Ләйлә Сұлтанқызы жалғыз жүргізді. Бір сағат көлемінде бұрымдыларға ортақ тақырыпты көрерменмен бірге талқылайды. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін әйелдердің беделі, отбасындағы күйі, әлеуметтік жағдайы, бала тәрбиесіндегі маңызы, ерлі-зайыптылардың бүгінгі болмысы қозғалды. Керекті кеңес, әдеміліктің құпиясы, сән және т.б. мәселелерді көтерді. 2016 жылдан бастап жаңа маусымда көрермен сұрауымен бағдарлама уақыты 30 минутқа ұзарды. Бағдарлама 2017 жылы 31 тамызда соңғы эфирін өткізді. Төрт жылдың ішінде ел арасында танымалдылық пен жоғары рейтингке ие болған «Әйел бақытында» 1000-ға жуық эфир көрермен жүрегіне жол тартып, 3000-ға жуық кейіпкер қатысты. Бұл жоба арқылы әйел қауымына Ләйлә Сұлтанқызы мен «Әйел бақыты» жобасының ұжымы кішкене болсын бақыттың бөлшегін сыйлады. Жобаның арқасында 40-қа жуық әйел жұмыспен қамтылды. 100-ге жуық кейіпкерге қаржылай көмек көрсетіліп, кейбіреуіне әлі күнге дейін көмек беріліп келеді. Жиырмаға жуық ана баласына сапалы әрі заманауи медициналық көмек алды. Жоба аясында оннан аса балаға мектеп формасы мен демалыс лагеріне жолдама берілді. Үш кейіпкер толығымен алкогольмен айығып, екі әйел жасанды жолмен ана бақытын сезінді. Елу әйел әлеуметтік көмек алып, өз кәсібін ашты. Жетпіс әйел отбасын сақтап қалды. «Жар-

Жар» айдары бойынша төрт жұп қосылды. Бұл бағдарлама арқылы анасы мен қызы 27 жылдан кейін қауышты. «Үлгілі отбасы» айдарына еліміздегі ең берекелі 150 отбасы шақырылып, бақытты болудың сырымен бөлісті.

«Пендеміз ғой» ток-шоуы 2016 жылдан бастап көрермен назарына ұсынылып келе жатқан қоғамдағы өзекті мәселелердің шешімін табуға, әлеуметтік құндылықты сақтап қалуға жол ашатын жоба. Алғашқы маусымының жүргізушісі Асаубек Айымбетов. Жобаның мақсаты шиеленіскен жағдайдың шешімін табуға, адасқан жандарды түзу жолға салуға, ақ пен қараның жігін ажыратып, зәру жандарға көмек қолын созуға бірге атсалысады. 2017 жылдан бастап Олжас Сайлаубекұлы мен Гүлнәзия Жалғасқызы бағдарламаның жаңа жүргізушілері атанады. Ал, 2018 жылдан бастап жобаның тізгінін Ғалым Кәлмен өз қолына алады. Бес жылға жуық уақыт ішінде 300 эфир көрермен назарына ұсынылды. Бірнеше арнайы ұйымдармен, қормен бірігіп жағдайы төмен отбасылардың баспана алуына өз көмектерін көрсетті. Жарты жылдың өзінде екі отбасыға арнайы су жаңа пәтер сыйлады.

2017 жылдан бері көрермен көзайымына айналған «Астарлы ақиқат» бағдарламасы қордаланған мәселе, күрмеуі қиын түйіткілді назарынан тыс қалдырмады. «Астарлы ақиқат» талай жылаған жанды жұбатып, қиналғанға көмек көрсетіп, сүрінгенге сүйеу болған. Тұқыртқан тұрмыс, алаяқтар қақпаны, отбасыдағы шытынаған қарым-қатынас, сабыры сарқылып, төзімі таусылғандардың жанайқайы тіптен бағдарламада жанжалға ұласып жатыр. Белгілі тележүргізуші Дина Төлепберген енді бір студияда кейіпкерлермен ақиқаттың астарын ақтарып, түйіткілдің күрмеуін бірге шешуге тырысады. Дина Төлепберген өзінің инстаграм парақшасында 2020 жылдың 28 желтоқсанынан бастап бағдарлама жүргізушісі Руслан Өтепбай болатынын жазды. Руслан Өтепбай үш жыл бойы «Астарлы ақиқат» жобасының редакторы қызметін атқарған. Бірақ, Дина Төлепберген жобадан ресми түрде кететінін мәлімдеген жоқ. «Кандидаттан қателеспеу үшін мен өзіме үш сұрақ қойдым: 1. Мен осы адаммен алдағы уақытта тамсанамын ба? Өзім үйретіп қана қоймай, үйренерім бар адамдармен жұмыс істеуді армандадым. 2. Осы адам менің команدامның өсуіне ықпал ете ме? Меніңше, біз энтропиямен күресіп, ұдайы өсуіміз керек. 3. Бұл адам – супер жұлдыз ба? Джефф Безос айтпақшы, тек лидерлер ғана басқаша ойлайды.» - деп ойымен бөлісті Дина Төлепберген. Қазіргі таңда бағдарламаны Дина Төлепберген Руслан Өтепбаймен бірге жүргізеді. 2020 жылда 115 рет эфирге шыққан. КТК арнасында ДС-БС күндер аралығында сағат 20:00 – де эфирден көрсетіледі. «Астарлы ақиқат» бағдарламасының Youtube әлеуметтік желісінде 400 мыңнан астам көрермен тіркелген.

2012 жылдан бастап «Қазақстан» ұлттық телеарнасынан «Айтуға оңай» атты әлеуметтік ток-шоуы көрермен назарына ұсынылды. Бағдарлама жүргізушісі Бейсен Құранбек болды. Қоғамдағы қордаланған мәселелер, отбасы құндылығы, әлім-жеттік, әлеуметтік, тұрмыстық мәселелердің шешімін табуға көмектесіп, шешілмеген сұрақтардың жауабын табуға атсалысты. Бес жыл бойы үздіксіз жұмыс істеген жоба көрермен разылығын алды. 2017 жылдан бастап жоба жаңа форматта, жаңа атаумен «Қарекет» бағдарламасы көрерменге қайта оралды. «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы Ерлан Карин өзінің Инстаграм парақшасында жаңа маусымдағы өзгерістерді айта отырып, жаңа жүргізушілерді көрсеткен болатын. Өз кезегінде ол «Қарекет» бағдарламасында біршама тың өзгерістер болатынын айтып әрбір күннің өз тақырыбы және бағыты болатынын атап өткен.

«Қарекет» бағдарламасы енді – «Қарекет-Талқы», «Қарекет-Мәдениет», «Қарекет-Заң», «Қарекет-Әлеумет» деп келесі аптадан жаңа форматта эфирге жол тартады. Бірақ, басты жаңалығымыз ол емес. Жаңа өзгерістермен Ұлттық арнаның эфиріне елге танымал бірқатар кәсіби журналистер оралмақ. «Қарекет-Талқыны» – Серік Әбікенұлы, «Қарекет-Заңды» – Нұрбол Батырбай, «Қарекет-Әлеуметті» – Досан Қызайбек, «Қарекет-Мәдениетті» – Есболат Айдабосын сынды білікті мамандар жүргізіп, өз ойларын ортаға салатын болады», – деп жазған еді. Ал, Бейсен Құранбек әр жұмада бағдарламада болған барлық оқиғаларды қорытындылайды.

1. Есболат Айдабосын – бағдарламаның «Мәдениет» айдарының жүргізушісі. Ол 1981 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ақтерек ауылында туған. 2002 жылы Абай

атындағы АлМУ (қазіргі ҚазҰПУ) қазақ филологиясы факультетін бітірген. Бүгінгі таңда танымал жазушы, әрі журналист. Еңбек жолында «Шаһар» телерадио компаниясында, «НТК» телеарнасының «Соңғы ақпарат», «Түйін» бағдарламаларында, «Қазақстан» телеарнасының «Өзекжарды», «Апта.кз», «Арнайы репортаж» және қорытынды жаңалықтар қызметінде жұмыс істеген. «Қазақстан Журналистер және Жазушылар» одақтарының мүшесі. Жазушылық жолында шығармашылық табыстары да мол. «Шағын әңгіме» байқауының бас жүлдегері, «Қамшы» сайты ұйымдастырған «Қазақ хандығының 550 жылдығына» арналған әдеби байқаудың бірінші орын иегері, «Бақтығұл Ойшыбаевтың 80 жылдығына» арналған республикалық әдеби байқаудың жеңімпазы, «Алтын қалам» әдеби байқауының жеңімпазы, «Алтын тобылғы» әдеби сыйлығының иегері. «Сүлікқара», «Қызыл сақа» кітаптарының авторы.

2. Досан Қызайбек – сейсенбі сайын көрсетілетін «Әлеумет» айдарының жүргізушісі. Осы күнге дейін «Информбюро» жаңалықтар қызметінде, «Тұжырым» сараптамалық бағдарламасында, «Қылкөпір» ток-шоуында, «Бес парыз» діни хабарында, «Пікірлер пирамидасы», «Тарих таразысы» бағдарламаларында, «Айтуға оңай» ток-шоуында еңбек еткен. Досанның «Қарекет» бағдарламасындағы жүргізушілігіне қатысты пікір білдірген әріптесі Бейсен Құранбек ол туралы «Қарекеттің» көрерменнің көз жасын көл ететін тағдырлы хабарлары жүрегі нәзік, болмысы берік, өз қолтаңбасы қалыптасқан тележурналистке жүктеліп отыр. Іштей жарап жүретін жүйрік секілді Досекеңнің бұл жолы да қамшы салдырмасына сенімдіміз» деп жазған болатын өзінің Инстаграм парақшасында.

3. Сәрсенбі сайынғы «Қарекет – Заң» бағдарламасының жүргізушілік тізгіні Нұрбол Батырбайға бұйырған екен. Неге бұл орынға Нұрбол келді десеңіз, Бейсен Құранбектің айтуынша бағдарламадағы қоғамдық мәселелерді шешу барысында көптеген заңдық сұрақтар көтерілген.

«Алайда заң саласының маманы болмағандықтан бұл тақырыптар терең күйінде шешілмеді. Ойымыздағыдай жасай алмадық. Оның бірнеше себебі болды. Соның ішінде менің жүргізуші ретінде Кодекстерді, заңдарды, заңдық нормаларды, оны тәпсірлеу құжаттары мен құқықтық іс-тәжірибелерді жетік білмеуім де бар. Ал бізге хабарласқан, келген, мұнын шаққан адамдардың ішінде мәселесі сотта ғана шешілетіндердің қарасы жылдан-жылға көбеймесе, азайған жоқ. Осының бәрін сараптай келе «Қарекет-Заң» хабарының тізгінін жас ғалым, адвокат, Алматы университетінің «Бизнес және құқық» факультетінің деканы Нұрбол Батырбайға сеніп тапсырдық» деген. Өзінің парақшасында. Басқа жүргізушілерге қарағанда Нұрболдың артықшылығы – оның заң саласының қызметкері болғаны. Ол 1984 жылы 19 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданында дүниеге келген.

4. «Қарекет – Талқы» айдарының жүргізушісі - Серік Әбікенұлы. Бейсен Құранбек тағы бір жаңа жүргізушіге қатысты «Ақын һәм жазушы, журналист һәм жүргізуші, тарихшы һәм зерттеуші, басшы һәм ұйымдастырушы. Секең туралы, оның қарым-қабілеті, дарыны мен білім-білігі жөнінде таңды таңға ұрып айтуға болады. Бір ғана нәрсені жазайын: біздің буында дәл Серік Әбікенұлындай қазақ телевизиясына еңбегі сіңген адам кемде-кем! Ал менің бір еңбегім тарихта қалса, ол – он жылдан кейін Секеңнің эфирге оралуына кішкентай болса да септігім тигені болар», – деп әріптесіне сәттілік тілеген. 2 жылда 288 шығарылыммен бағдарлама өз қызметін тоқтатты.

«Шаңырақ» – Қазақстан ұлттық телеарнасынан көрерменге жол тартқан әлеуметтік теле жоба. «Шаңырақ» отбасылық ток-шоуы күн сайын тікелей эфирде отбасы құндылығы, бірлігі, татулығы, ана мен баланың бақыты үшін талмай қызмет істейді. Яғни, қалыптасып қалған стереотиптерді жойып, нақты нәтиже үшін күн сайын шығармашыл топ тер төкпек. Әр күнгі эфир белгілі бір отбасыға арналып, оның мәселесін тікелей эфирде шешу тәсілдерін ұсынады. Әрі қарай сол отбасы шығармашылық топтың назарында болады. Яғни, жобаның басты мақсаты - тек жоғары рейтингтерге қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар тату әрі үлгілі отбасы санын арттыру. Бағдарлама тұсауы 2018 жылы 10 қыркүйекте «Мерейлі отбасы» деген тақырыппен ашылды. Жүргізушісі Жұлдыз Әбдікәрімова. Бағдарламаның

бірініші маусымы төрт айға созылды. 2019 жылдың 4 наурызынан бастап ток-шоу жаңа форматта көрерменге қайта оралды. Бағдарлама тізгінін Нартай Аралбайұлы мен Мейрамгүл Мәдәлі өз қолына алды. Жаңа форматтағы жобада балаға қалай тәрбие беру керектігі жөніндегі кеңестер, бала құқықтары мен көпбалалы отбасылардың өмірі туралы көп талқыланды. Жобаның басты ерекшелігі – тікелей эфирдегі бағдарламаға әйелдің де, ер адамның да, сол отбасының кейуанасы мен атасы, балаларының да түгел қамтылуы. Бағдарламаның екінші маусымы да төрт айға созылды. Осыншама қысқа уақыт ішінде көмекке зәру болған жандарға қол ұшын созды. Көпбалалы отбасы, жалғыз басты анаға тікелей эфирде баспананың кілтін тарту етті. Сонымен қатар, алаяқтардың арбауына алданған жандарға, бұзақылардың құрмауына тап болғандарға арнайы мамандармен тілдесіп, ақылдасып өз көмектерін тигізді.

2019 жылы 9 қыркүйектен бастап «Қазақстан» ұлттық арнасынан «Ниет» жобасы көрермен назарына ұсынылды. Бағдарлама жүргізушісі Гүлнәз Әлімгерей. Әлеуметтік жобаның тұсауын көптеген жандардың арман-мақсаттарымен бөлісіп, қуанышымен бірге болу мақсатында «Армандаңыз» деген тақырыппен ашты. Студияға қоңақтарды шақыра отырып, олармен тілдесіп, армандары туралы сыр шертіп студияда сол армандарға бір қадам жасайды және көрерменмен бірге сол қадамға куә болады. Осылайша, армандар орындалады деген ниетпен, бағдарламаны «Ниет» деп атауының мақсаты осында. 2020 жылы 7 қыркүйектен бастап бағдарлама жаңа форматта көрерменге қайта оралды. Жаңа маусымда бағдарлама жүргізушісі Гүлнәз Әлімгерей мен Әйгерім Сейфолла болды. Жобада қоғамдағы көптің көкейінде жүрген дүниелерді талқыға салады және әлеуметтік маңызды мәселелерді көзден қырағы қалдырмады.

Біз талдаған қазақ телеарналарындағы әлеуметтік тақырыптарға арналған бағдарламалар басымдық алып отыр. «Әмбебап арналар көрермендердің бір бөлігі арасында тартымдылығын жоғалтады және бұл халықтың ең белсенді, жағдайы жақсы және әлеуметтік жағынан тәуелсіз бөлігі. Тиісінше, аудитория үшін күрес бәсекелестік формаларын өзгертеді; ол мазмұн саласына, оны өндіруге және шебер насихаттауға көшеді»[2,39-б],- деген В.Егоровтың пікірі орынды. Телеарналардың саясаты да осы тенденцияға сәйкес келді: жаңа бағдарламалардың көпшілігі әлеуметтік тақырыптарға арналғаны байқалады. Сонымен қатар, теледидар қазақстандықтардың басым бөлігі үшін негізгі ақпарат көзі ретіндегі позициясын сақтап қалды - халықтың 82% -ы әлемдегі оқиғалар туралы осылай біледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бурдые П. О телевидении и журналистике. - М.: Фонд «Прагматика культуры», 2008.
2. Егоров В. Телевидение между прошлым и будущим. - Изд. МГУ. М., 1999.